



«Ұлттық аграрлық ғылыми-білім
беру орталығы» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің
20 20 жылғы «30» таңырқ
№ 08/20 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

**«Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-
зерттеу институты»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
ЖАРҒЫСЫ**

Нұр-Сұлтан қаласы

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - Серіктестік) осы Жарғысы (бұдан әрі - Жарғы) заңды тұлға ретінде Серіктестіктің құқықтық мәртебесін айқындайды.

2. Серіктестіктің атауы:

мемлекеттік тілде:

толық атауы: «Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

қысқартылған: «Солтүстік Қазақстан АШҒЗИ» ЖШС;

орыс тілінде:

толық: Товарищество с ограниченной ответственностью «Северо-Казахстанский научно-исследовательский институт сельского хозяйства»;

қысқартылған: ТОО «Северо-Казахстанский НИИСХ».

3. Серіктестіктің Жалғыз құрылтайшысы (бұдан әрі - Қатысушы):

Серіктестіктің Жалғыз құрылтайшысы (бұдан әрі - Қатысушы): «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 010000, Қазақстан, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Кенесары көшесі, 36, БСН 150940000180, банк реквизиттері: KZ9396503F0007573241 «ForteBank» АҚ, БИК IRTYKZKA».

4. Серіктестіктің атқарушы органының тұрған жері: Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Бескөл селосы, Институтская көшесі, 1 үй.

5. Серіктестік қызметінің мерзімі шектелмеген.

6. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдарының атауы: Серіктестіктің ресми интернет-ресурсы.

2. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

7. Серіктестік мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап, заңды тұлға құқығына ие болады.

8. Серіктестіктің мөрі, дербес теңгерімі, банктердегі есеп айырысу және өзге де шоттары, өз атауы жазылған фирмалық бланктері бар.

9. Серіктестік өз қызметінің мақсаттарына қол жеткізу үшін өзінің атынан мәмілелер жасасуға, соның ішінде несиелік келісім-шарттар, қаржы-лизингтік шарттар және банктерді қатыстыра отырып, өзге де шарттарды жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие болуға, міндеттерді атқаруға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

10. Серіктестік өзінің орналасқан жерін ауыстырған жағдайда, заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне қажетті өзгерістер енгізу үшін өзін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға және Серіктестіктің жаңадан орналасқан жері бойынша заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелуін жүзеге асырушы органға хабарлауға міндетті.

11. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және шет елдерде филиалдар мен өкілдіктер құруға, басқа да заңды тұлғалар мен бірлестіктердің құрамына (одақтарға) кіруге, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалардың құрылтайшысы болуына құқылы. Серіктестік өзінің филиалдары мен өкілдіктерінің құрылғаны және олардың орналасқан жері туралы, өзінің мемлекеттік тіркелуін жүзеге асырған органға хабарлап отыруға міндетті.

12. Серіктестік өзінің міндеттемелері бойынша тиесілі мүлкінің шегінде ғана жауапты және өзінің Қатысушысының міндеттемелері бойынша жауапты болмайды.

13. Серіктестіктің Қатысушысы оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзі қосқан салымдарының құны шегінде Серіктестіктің қызметіне байланысты шығындарға тәуекел етеді.

3. СЕРІКТЕСТІККЕ ҚАТЫСУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

14. Қатысушы мынадай құқықтарға ие:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес, Жарғыда көзделген тәртіппен Серіктестіктің істерін басқаруға қатысуға;

2) Серіктестіктің қызметінен табыс алуға, таза табысты бөлісуге қатысуға;

3) Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Серіктестіктің қаржылық есептілігімен, оның бухгалтерлік және өзге де құжаттарымен танысуға;

4) Серіктестіктің таратылған жағдайында кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған Серіктестік мүлкінің бір бөлігінің құнын алуға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өз үлесін иеліктен шығару жолымен Серіктестікке қатысуды тоқтатуға;

6) Қазақстан Республикасының Заңнамасы мен Серіктестіктің Жарғысында көзделген Қатысушының құқықтарын бұзатын Серіктестік органдарының шешімдеріне қарсы сот тәртібімен дауласуға;

7) Бақылаушы кеңестің отырысын шақыруды талап етуге;

8) өз есебінен аудиторлық ұйымнан Серіктестіктің аудитін жүргізуді талап ету.

15. Қатысушының Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Жарғыда көзделген өзге де құқықтарға ие болуы мүмкін.

16. Серіктестікке Қатысушының міндеттері:

1) Серіктестік Жарғысының талаптарын орындауға;

2) Серіктестіктің жарғылық капиталына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен, салымдарды белгіленген мөлшерінде және уақытында салуға;

3) Серіктестіктің коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерін жария етпеуге;

4) атқарушы органға атауының, орналасқан жерінің, мекен-жайының, банк деректемелерінің өзгергені жайлы жазбаша хабар беруге міндетті.

17. Қатысушы Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған өзге де міндеттері болуы мүмкін.

4. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚАТЫСУШЫСЫНА ЖӘНЕ ҮЛЕС ИЕЛЕРІНЕ СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУДІҢ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

18. Серіктестік өз Қатысушысының талабы бойынша Серіктестіктің қызметі туралы Қатысушының мүддесіне қатысты ақпарат беруге міндетті.

19. Серіктестік Қатысушысының мүддесіне қатысты танылатын ақпараттар:

1) Серіктестіктің Қатысушысы, Бақылаушы кеңесі, атқарушы органы, тексеру қызметі қабылдаған шешімдер, қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) нәтижесінде (нәтижелерінде) Серіктестіктің мүлкі сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын ірі мәмілені немесе Серіктестіктің өзара байланысты жиынтық мәмілелерді жасауы, бұның нәтижесінде Серіктестіктің мүлкін сатып алу немесе иелену;

2-1) нәтижесінде (нәтижелерінде) Серіктестіктің өз капиталы көлемінің мүлкі жиырма бес пайызынан артық мөлшерінде иеліктен алынатын мәмілелер ірі деп танылады;

3) Серіктестіктің қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауға арналған лицензиялар алуы, олардың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату, сондай-ақ Серіктестіктің қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруына және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауына арнап, бұрын алған лицензияларынан айыру;

4) Серіктестіктің мүлкін бұғаттау;

5) нәтижесінде Серіктестіктің теңгерімдік құны Серіктестік активтерінің жалпы көлемінің он немесе одан да астам пайызын құрайтын мүлкінің жойылуы сипатындағы төтенше жағдайлардың басталуы;

6) Серіктестікті және (немесе) оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

7) Серіктестікті мәжбүрлі түрде қайта құру туралы шешім;

8) тексеру қызметінің қорытындысы, аудиторлық есеп (оның бар болған кезінде);

9) корпоративтік дау-дамай бойынша сотта іс қозғау туралы ақпарат;

10) Серіктестіктің Жарғысына сәйкес Серіктестік Қатысушысының мүддесін қозғайтын өзге де ақпараттар.

20. Қатысушының мүддесін қозғайтын Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты, сондай-ақ өзге де ақпаратты ұсыну Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады. Ақпарат беру туралы өтініш жазбаша, Серіктестіктің атқарушы органын, өтініш берудің уәжі мен талаптарын көрсете отырып берілуі тиіс.

21. Корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау туралы ақпарат корпоративтік дау бойынша азаматтық іс жөніндегі соттың хабарламасын (шақыруын) Серіктестіктің алған күнінен бастап, жеті жұмыс күні ішінде Қатысушыға берілуі тиіс.

22. Серіктестік өтініштерді қабылдауды, тіркеуді және есепке алуды жүзеге асырады. Өтінішке дәлелді жауап жазбаша өтініш тіркелген сәттен бастап, он бес күнтізбелік күн ішінде беріледі.

5. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТТАР

23. Серіктестіктің қызметіне қатысты құжаттары Серіктестік қызметінің бүкіл мерзімі ішінде оның атқарушы органы орналасқан мекен-жайда сақталынады.

24. Сақталуға мынадай құжаттар жатады:

1) Серіктестіктің Жарғысы, оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

2) Серіктестіктің заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткені туралы куәлігі;

3) Серіктестіктің қызметтің белгілі бір түрімен айналысуына және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттерді атқаруына арнап алған лицензиялары;

4) Серіктестіктің теңгерімінде тұрған (теңгерімінде болған) мүлікке оның құқығын растайтын құжаттары;

5) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер;

6) Серіктестіктің Қатысушысы қабылдаған шешімдері;

7) Бақылаушы кеңес отырыстарының хаттамалары, Бақылаушы кеңестің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар.

25. Өзге де құжаттар, соның ішінде Серіктестіктің қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

26. Қатысушының талабы бойынша Серіктестік оған осы бөлімнің 24 және 25-тармақтарында көрсетілген құжаттардың көшірмесін Серіктестіктің осы Жарғысының 4-бөлімінің 22-тармағында айқындалған тәртіппен және мерзімінде беруге міндетті.

6. ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ (ТҮРЛЕРІ)

27. Серіктестік қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасының аграрлық ғылымын дамыту, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешені саласында инновациялық белсенділікті ғылыми-техникалық тұрғыдан дамыту және ынталандыру үшін қолайлы жағдай жасау болып табылады.

28. Серіктестік қызметінің негізгі түрлері:

1) Басқа санаттарға енгізілмеген өзге де кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет (ЭҚЖЖ -74909);

2) агроөнеркәсіптік кешен саласында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуді қамтамасыз ету (ЭҚЖЖ - 74909);

3) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы білімді тарату және беру жөнінде консультациялық қызметтер көрсету (ЭҚЖЖ - 74909);

4) агроөнеркәсіптік кешенде оқыту семинарларын, тренингтерді, дөңгелек үстелдерді, конференциялар мен өзге де іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу (ЭҚЖЖ - 74909);

5) ғылыми-техникалық әзірлемелерді өндіріске енгізу (ЭҚЖЖ - 72202);

6) аралас ауыл шаруашылығы (ЭҚЖЖ – 01500).

Қызметтің негізгі түрлерін жүзеге асыру, сондай-ақ өз миссиясын, қойылған мақсаттары мен міндеттерін орындау шеңберінде серіктестік мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) жемшөп өндірісі, мал шаруашылығы және ветеринария саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу;

2) жануарлар мен құстардың құнды тектік қорын сақтау, көбейту және пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

3) азықтық дақылдар селекциясында пайдалану үшін Қазақстан Республикасының өсімдік ресурстарын жинауды және жан-жақты зерделеуді жүргізеді және азықтық шалғынды бұталы өсімдіктердің жаңа сорттарын шығарады;

4) жайылымдардың тозуын болдырмаудың ресурс үнемдейтін технологияларын әзірлейді;

5) ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының жіті және созылмалы инфекциялық (бактериялық және вирустық), паразиттік және жұқпалы емес аурулары кезінде диагностикалық құралдарды, профилактикалық және емдік препараттарды алудың биотехнологиялық негіздерін әзірлейді және жетілдіреді;

6) мал шаруашылығының барлық салалары бойынша жоғары білікті ғылыми кадрлар даярлауға қатысады;

7) бюджеттік бағдарламалар шеңберінде қызметтер көрсету, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орындау.

29. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған көзделген қызмет түрлері мен іс-әрекет түрлерін іске асыруға арналған лицензияларды Серіктестік тек белгіленген тәртіппен ғана алады.

7. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

30. Серіктестіктің жарғылық капиталы: 134 490 910 тенге 72 тиын (жүз отыз төрт миллион төрт жүз тоқсан мың тоғыз жүз он тенге) 72 тиын.

31. Серіктестік тіркелген сәтте Қатысушы оның жарғылық капиталын толық қалыптастырған.

32. Серіктестіктің жарғылық капиталындағы салымдарға - ақшалай, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, соның ішінде жер пайдалану

құқығы мен зияткерлік қызмет нәтижелерінің құқығы және өзге де мүліктердің болуы мүмкін. Салымдарды жеке мүліктік емес құқықтар және өзге де материалдық емес игіліктер түрінде салуға рұқсат етілмейді.

33. Жарғылық капитал Серіктестік Қатысушысының шешімі бойынша ұлғайтылуы мүмкін:

- 1) Қатысушы салатын қосымша салымдар;
- 2) Серіктестіктің өз капиталының, сонымен бірге оның резервіндегі капиталдың есебінен жарғылық капитал көлемін ұлғайту;
- 3) Серіктестік құрамына жаңа қатысушыларды қабылдау.

Шешімді Серіктестіктің Қатысушысы (қатысушылардың жалпы жиналысы) қабылдайды.

34. Жарғылық капиталды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең аз көлемнен кемітуге рұқсат етілмейді.

35. Жарғылық капиталын ұлғайту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш айдың ішінде Серіктестік өзін тіркеуден өткізген органға жарғылық капиталдың ұлғайғаны туралы хабарлауға міндетті. Жарғылық капиталды ұлғайтатын салым сомасының ең кемінде жартысы хабар берілетін сәтке дейін салынуы тиіс.

36. Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайту мен кеміту Қазақстан Республикасы заңнамасының тәртібі мен талаптарын есепке ала отырып жүзеге асырылады.

8. СЕРІКТЕСТІКТІҢ МҮЛКІ

37. Серіктестіктің мүлкі Қатысушының салымдары, Серіктестіктің алған табыстары есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден құралады.

Заңнамалық актлерде немесе Серіктестіктің құрылтайшы құжаттарында резервтік капитал немесе өзге де қорлар құру көзделуі мүмкін.

38. Мүлік Серіктестіктің меншік құқығында болады және оның теңгерімінің есебінде тұрады.

9. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ОРГАНДАРЫ

39. Серіктестіктің органдары мыналар болып табылады:

- 1) **Серіктестіктің жоғарғы органы** – оның қатысушыларының жалпы жиналысы (Жалғыз қатысушы);
- 2) **Серіктестіктің атқарушы органы** – Басқарма.
- 3) **атқарушы органның қызметін қадағалауды жүзеге асыратын орган** – Бақылаушы кеңес

40. Бақылаушы кеңес Серіктестіктің атқарушы органы қызметін бақылауды жүзеге асыратын орган және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Қатысушы қабылдайтын өзге де ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес ұйымдастырады.

41. Серіктестікке Қатысушы, Серіктестік қызметіне байланысты кез келген мәселені қарау үшін қабылдауға құқылы.

42. Қатысушының құзыретіне жататын шешімді Қатысушы қабылдайды, Жалғыз қатысушының шешімі ретінде жазбаша ресімделеді.

Қатысушының шешімінің күшін, Жалғыз қатысушының кезекті шешімі болып ресімделген шешім қабылдау түрінде, Қатысушының өзі ғана жоя алады.

43. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының айрықша құзыретіне (Директорлар кеңесінің қоғамы) мынадай мәселелерді шешу жатады:

1) Серіктестіктің жарғылық капиталының көлемін, орналасқан жері мен фирмалық атауын өзгертуді қоса, Жарғысын өзгерту немесе жаңа редакциядағы жарғысын бекіту;

2) Серіктестіктің жылдық қаржы есебін жүргізу үшін аудиторлық мекемелерді анықтау;

3) Серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешім қабылдау және олардың шарттарын айқындау;

4) Бақылаушы кеңес құру туралы шешім қабылдау, оны қалыптастыру және жұмыс істеу тәртібін, Бақылаушы кеңес мүшелерінің сандық құрамын анықтау, оларды сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Бақылаушы кеңес туралы ережені бекіту;

5) Серіктестіктің жекелеген нормативтік түрлерін және басқа лимитті әкімшілік шығындарын бекіту;

6) Серіктестіктің қызметі туралы орындалуға жататын жедел тапсырмалар беру;

7) тәртіптік жауапкершілікке тарту шешімі қабылданады, бақылау кеңесінің, тексеру қызметінің мүшелеріне материалдық көмек беру еңбек заңнамасында қарастырылған;

8) жылдық қаржы есебі мен таза табысты бөлу бекітілген;

9) тексеру қызметін сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ тексеру қызметінің есептері мен қорытындыларын бекіту;

10) Серіктестіктің ішкі қызметін реттеу, ішкі тәртіптерді және басқа құжаттарды қабылдау рәсімдерін бекіту, сондай-ақ кейбір құжаттарды бекітуді серіктестіктің жарғысына сай басқа органдардың құқығына берілген, Серіктестіктің ішкі қызметін реттеуші құжатына, оның ішінде: Стратегиялық жоспар, Серіктестікті мүлктік иеліктен алу Ережесі, Бақылау кеңесі туралы Ережесі жатады;

11) Серіктестіктің басқа шаруашылық серіктестіктермен, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдармен қарым-қатынаста болуы туралы шешімдері;

12) Серіктестіктің қызметі туралы Қатысушыға мәлімет берудің тәртібі мен мерзімін бекіту;

13) Серіктестікті қайта құру немесе жою туралы шешім;

14) тарату комиссиясын тағайындау және тарату теңгерімдерін бекіту;

15) Серіктестікке қатысушылардың үлестерін мәжбүрлі сатып алу туралы шешім;

16) Серіктестіктің кепілдегі барлық мүліктері туралы;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Серіктестік мүлкіне қосымша жарналар төлеу мәселелері бойынша шешім шығару;

18) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін құру, қайта ұйымдастыру және тарату, олардың ережелерін бекіту, сондай-ақ ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді келісу;

19) сатып алынатын активтердің тізбесін бекіту (санын көрсете отырып қажеттілікті негіздеу, қысқаша сыйпаттамасы, құны және қаржыландыру көзі);

20) өсімдік шаруашылығының технологиялық картасы, селекциялық жұмыстардың жоспары;

21) серіктестіктің мәмлеге келуі немесе өзара жиынтықты мәмле жасасу шешімін мақұлдау нәтижесінде серіктестік мүлкін иелігінен шығару (мүмкін иеліктен шығарылған блуы), иеліктен шығарылған мүліктің құны Серіктестіктің жалпы активтерінің баланстық құнының елу бір проценті және бұдан да жоғары болу шешімі;

22) Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Серіктестіктің өзге де органдарының кез келген шешімдерінің күшін жою;

44. Бақылаушы кеңестің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

1) Серіктестік қызметінің бағыттарын, Дамыту жоспарын және оның орындалуы туралы есепті алдын ала келісу;

2) тәртіптік жауапкершілікке тарту шешімі қабылданады, бақылау кеңесінің, тексеру қызметінің мүшелеріне материалдық көмек беру еңбек заңнамасында қарастырылған;

3) Серіктестіктің жылдық қаржы есебін алдын ала бекіту;

4) Төраға және Басқарма мүшелері қызметтерінің түйінді көрсеткіштерін бекіту, олардың мақсатты маңызы;

5) Серіктестіктің Жарғысы Серіктестікке Қатысушысының айрықша құзыретіне жатқызған құжаттардан басқа, Серіктестіктің, оның филиалдары мен өкілдіктерінің ішкі қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттар;

6) Серіктестікке инвестиция тарту жөніндегі мәмілені алдын ала келісу және заемдық қаржы алу;

7) Серіктестіктің штаттық бірлігін бекіту;

8) филиал директорын/өкілдігін ақшалай марапаттау шешімін қабылдау;

9) Бақылау кеңесі хатшысын тағайындау, өкілеттігінің мерзімін, оның жұмыс тәртібін белгілеу, өкілеттігінің мерзімінен бұрын аяқталуы, оның өкілеттігін анықтау, сондай-ақ қызметтік жалақысын белгілеу, сыйақы тағайындау шарттары;

10) Серіктестікке аудит жүргізуші аудиторлық мекеменің қызметіне төленетін төлем көлемін белгілеу;

11) негізгі құралдарды есептен шығаруды регламенттейтін ішкі нормативтік құжатта белгіленген тәртіпке сәйкес активтерді есептен шығарудың мониторингін жүзеге асыру;

12) ауыл шаруашылық өнімдерін контракциялық келісім-шарт бойынша алдын-ала бағасы мен өткізу көлемін келісу;

13) серіктестіктің мәмлеге келуі немесе өзара жиынтықты мәмле жасасу шешімін мақұлдау нәтижесінде серіктестік мүлкін иелігінен шығару (мүмкін иеліктен шығарылған блуы), иеліктен шығарылған мүліктің құны Серіктестіктің жалпы активтерінің баланстық құнының жиырма бестен елу процентке дейінгі пайызды шешімі;

14) Серіктестіктің өз капиталы көлемінің 30 пайыздан 100 (жүз) пайызына дейінгі сомаға Серіктестіктің мүлкін кепілге қою жөнінде шешімдер қабылдау;

15) стратегияларды жүзеге асыру бойынша жоспар шараларын бекіту, оның орындалуына арналған өзгерістер мен қосымшаларын, сондай-ақ оны өткізудің мониторингін енгізу;

16) Серіктестіктің атқару органы мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндіктеріне келісім беру шешімін қабылдау;

17) Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты Серіктестіктің атқару органының кез-келген шешімін өзгерту;

18) қатысушылардың (Жалғыз Қатысушы) және Серіктестіктің органы ҚР Заң актілері мен осы Жарғыға сәйкес жалпы жиналысы күзіретіне жатпайтын басқа мәселелер.

45. Серіктестіктің ағымдағы қызметін басқару және оны іске тартуды жүзеге асырушы атқарушы органның алқасы - Басқарма болып табылады. Басқарма төрағасын Серіктестікке Қатысушы тағайындайды және мерзімінен бұрын босатады. Басқарма Серіктестіктің кез келген қызметінің барлық мәселелерін шешуге қатысуға құқылы және ҚР заңнамалары немесе Жарғымен Қатысушы мен Серіктестіктің Бақылау кеңесі өкілеттігіне енгізілмеген және Қатысушы мен Бақылау кеңесі алдында міндеттелген жұмысына жауап береді.

46. Серіктестіктің Қатысушысы Басқарма төрағасын тағайындаған кезде еңбек қатынастары ҚР еңбек заңдарына сәйкес тағайындайды және мерзімінен бұрын босатуды реттейді. Басқарма төрағасы өз міндеттерін атқару барысында Серіктестіктің мүддесі үшін адал және шынайы әрекет етеді.

47. Бақарма мүшелерінің қызметі, құқығы және міндеттері заң актілерімен, осы Жарғымен және Серіктестіктің басқа да ішкі құжаттарымен, сондай-ақ көрсетілген тұлғалармен жасалатын еңбек келісім-шарттары арқылы анықталады. Серіктестік пен Басқарма төрағасы (атқару органының жетекшісі) атынан жасалған келісім-шартқа Жалғыз Қатысушы қол қояды. Басқарма мшелері мен Басқарма Төрағасы қалған құжаттарға қол қояды.

48. Басқарма төрағасының құзырына кірмейтін мәселелерді шешу Басқарма алқасына жүктеледі және хаттама толтырылады.

49. Басқарманың шешімін өзгертуді Басқарманың өзі хаттама толтырып немесе Қатысушының Жалғыз қатысушы ретінде шығарған шешімімен немесе Серіктестіктің Бақылау кеңесінің шешім шығаруы жолымен жүзеге асырылады.

50. Серіктестік Басқармасының нақты өкілеттігіне мыналар жатады:

1) Серіктестіктің Бақылау кеңесі қарауына Серіктестіктің стратегиялық дамуы мен даму жоспарын жасап, алдын ала қарап ұсынады;

2) Серіктестіктің бюджеті (соның ішінде, түзетулер енгізіледі), Серіктестіктің даму жоспары шеңберіндегі бюджеттің орындалуы жөніндегі есебі қаралған соң бекітіледі;

3) Бақылау кеңесі бекіткенін ескере отырып, қызметкерлер санын Серіктестіктің штаттық кестесін бекіту;

4) Басқармасы мүшелерін қоспай, Серіктестік қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, сыйақы берудің тәртіптерін, сондай-ақ Серіктестік қызметкерлерінің қызметтік жолсапарлары жөніндегі Ережелерін бекіту;

5) құрылысы аяқталмаған ғимараттар мен құрылыстарды, нысандарды, қолданылуы 7 жылдан асқан көлік құралдарын, ауыл шаруашылық машиналарын, ауыл шаруашылық құралдарын Серіктестіктің Бақылау кеңесі келісімімен есептен шығару;

6) Серіктестіктегі тиесілі жарғылық үлес қоры бар заңды тұлғалардың Жалпы жиналысына құзырлы қатысуы жөнінде шешімдер қабылдау;

7) мемлекеттік сатып алу жоспарын бекіту;

8) Серіктестіктің жалғыз Қатысушысының және Бақылау кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастыру, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

9) Серіктестіктің даму жоспарының орындалуын қамтамасыз ету және олардың орындалуы туралы уақытымен есеп беруді ұйымдастыру;

10) Жалғыз Қатысушы мен Бақылау кеңесінің қарауына ұсынылатын алдын ала қаралатын сұрақтар;

11) ауыл шаруашылық өнімдерін контракциялық келісім-шарт бойынша алдын-ала бағасы мен өткізу көлемін келісу;

12) Серіктестіктің Бақылау кеңесі келісімімен өнімдерді жоғары категориядан төмен категорияға ауыстыру (негізделген себептерге байланысты және сапасын жоғалтуы);

13) серіктестіктің мәмлеге келуі немесе өзара жиынтықты мәмле жасасу шешімін мақұлдау нәтижесінде Серіктестік мүлкін иелігінен шығару (иеліктен шығарылған болуы мүмкін), иеліктен шығарылған мүліктің құны Серіктестіктің жалпы активтерінің баланстық құнының 2-ден 25 процентін құрайды;

14) Серіктестіктің жеке капиталының 30 проценті сомасындағы кепілдегі мүлік бойынша шешім қабылдау;

15) Осы заңнамаларға жатқызылмаған немесе Серіктестік Жарғысының құзырлы Жалғыз қатысушысы мен Бақылау кеңесі басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады;

51. Серіктестік Басқармасына тыйм салынады:

1) Қатысушының келісімінсіз, Серіктестіктен мүліктік пайда табуды көздейтін мәмілелерді (сыйға тарту, қарыз, өтеусіз пайдалану, сатып алу-сату келісім-шарттарын және т.б. қоса) Серіктестікпен келісім жасауға;

2) Серіктестіктің үшінші тұлғалармен жасаған мәмілелері үшін Серіктестіктің өзінен, сондай-ақ үшінші тұлғалардан комиссиялық сыйақылар алуға;

3) үшінші тұлғалардың атынан немесе олардың мүдделері үшін Серіктестікпен арадағы қарым-қатынастарға қызмет жасауға;

4) Серіктестіктің қызметімен бәсекелес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;

5) өзінің жақын туыстарымен және/немесе өзінің жақын туыстары - қатысушылар немесе акционерлер, немесе атқарушы органдар болып табылатын заңды тұлғалармен мәмілелер жасасуға тыйым салынады.

52. Басқарма төрағасы келесі мәселелер жөнінде нақты шешімдер қабылдайды:

1) Серіктестіктің ағымдағы қызметіне басшылық жасайды;

2) мемлекеттік органдармен және басқа да ұйымдармен, жеке тұлғалармен қарым-қатыныс жасап, ұжым мүддесін білдіреді;

3) ҚР заңдары және осы Жарғы шеңберінде Серіктестіктің қаржысы мен мүлкіне иелік етеді.

4) Серіктестіктің атқарған жұмыстары нәтижесін бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет ресурстарына орналастыруды ұйымдастырады;

5) Жалғыз қатысушының, Бақылау кеңесінің, Серіктестік Басқармасының шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

6) Серіктестік атынын үшінші жақпен сенімхатсыз әрекет ете алады;

7) үшінші жақпен Серіктестік мүддесін білдіру үшін өзіне сенімхат береді;

8) ҚР Заңдарына сәйкес банктерде есеп ашады, бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржы есебін жасауды ұйымдастырады;

9) Серіктестіктің қызметкерлерін қабылдауды, ауыс-түйісті және жұмыстан босатуды (заң мен осы Жарғыда белгіленгеннен тыс жағдайда), оларға марапаттау және тәртіптік жаза қолданады; Қоғам қызметкерлеріне Серіктестіктің штаттық кестесі және схемасы бойынша қызметтік окладтарды белгілейді;

10) Серіктестік қызметкерлерінің штаттық кестесі және схемасы бойынша қызметтік окладтарды белгілейді;

11) Серіктестіктің Басқарма мүшелері арасындағы міндеттерін, сондай-ақ Серіктестіктің Басқарма мүшелері арасындағы міндеттері мен өкілеттіктерін бөліп береді;

12) Осы Жарғыға сәйкес Жалғыз қатысушының, Бақылау кеңесінің шешімдерді бекітулерінен тыс, Серіктестік қызметін ұйымдастыру мақсатында ішкі құжаттарды бекітеді;

13) нәтижесінде серіктестік құны Серіктестік активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің 2 (екі) пайызына дейін құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығарылған болуы мүмкін) серіктестіктің

мәміле жасасуын немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын мақұлдау туралы шешім қабылдайды.

53. Серіктестіктің атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін тексеру қызметі құрылады. Тексеру қызметі болмаған жағдайда Серіктестіктің Бақылаушы кеңесі Тексеру қызметінің бүкіл құқықтарына ие болады. Тексеру қызметінің жұмыс істеу тәртібі Қатысушы қабылдайтын ережелерде және ішкі нормативтік құжаттармен айқындалады.

54. Тексеру қызметі кез келген уақытта Серіктестіктің атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы және Серіктестіктің бүкіл құжаттамасына ешқандай кедергісіз қол жеткізу құқығына ие. Тексеру қызметінің талап етуі бойынша Бас директор ауызша немесе жазбаша түрде қажетті түсініктемелер беруге міндетті. Тексеру қызметі тексеру жүргізу үшін Серіктестіктің жалғыз Қатысушысының қызметкерлерін өздерінің келісімі бойынша қатыстыруға құқылы.

55. Тексеру қызметі Серіктестіктің Қатысушысы бекіткенге дейін Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне міндетті түрде тексеру жүргізеді.

56. Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігінің дұрыстығын, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйін тексеру және растау үшін Серіктестікпен, Бас директормен, Бақылаушы кеңеспен немесе Қатысушымен мүліктік мүдделері арқылы байланысы жоқ кәсіби аудиторды (сыртқы аудит) қатыстыру құқығына ие. Серіктестіктің Қатысушысы Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне өз есебінен аудиторлық тексеру жүргізуді талап етуге құқылы.

57. Егер Серіктестіктің атқарушы органы аудитті жүргізу міндетті болған жағдайда Серіктестіктің аудиторлық қаржылық есептілігі тексерілуін жүргізуден бас тартатын болса немесе оны жүргізуді Серіктестіктің Қатысушысы талап ететін болса, мұндай тексеру сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

58. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есеп берудің және есептілікті жүргізу тәртібінің сақталуы мен дұрыстығы үшін жауап береді.

10. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ТАЗА ТАБЫСЫ МЕН ШЫҒЫНДАРЫ

59. Серіктестіктің табысы бір жыл ішіндегі өз қызметінің нәтижелері бойынша қаржы есептілігі негізінде айқындалады.

60. Серіктестіктің, материалдық және оған теңестірілген еңбек ақы төлеу шығындарын өтегеннен кейінгі табысы, шаруашылық қызметін жүзеге асырудан қалыптасады. Серіктестік коммерциялық ұйым болып табылады.

61. Салық пен еңбек ақы және басқа да бюджеттік төлемдер төленгеннен кейін, Серіктестікте қалған табыс (таза табыс), Серіктестіктің меншігі болып табылады және Серіктестік оны одан әрі жұмыс істеуге және дамытуға жұмсау үшін бөледі.

62. Серіктестіктің өндірісті дамытуға және жалпы мұқтаждықтарына

кажетті қаражат бөлінгеннен кейін қалған таза табысының бір бөлігі Серіктестік Қатысушысының иелігінде қалады. Қатысушы Серіктестіктің жарғылық капиталындағы өз үлесіне сәйкес бір бөлігін алуға құқылы. Төлемді Серіктестік бір ай ішінде ақшалай түрде төлеуі тиіс.

63. Серіктестіктің шығындары резервтік капитал есебінен өтеледі. Резервтік капиталдың құрылу және пайдаланылу тәртібін Серіктестіктің Қатысушысы айқындайды.

64. Қатысушы жарғылық капитал толық төленгенге дейін табысты алуға құқылы емес.

11. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЕҢБЕК ҰЖЫМЫ

65. Серіктестік өз қызметкерлерінің құқықтарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтайды.

66. Серіктестіктің қызметкерлері міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырылуы тиіс.

67. Серіктестік жұмыс істеуші барлық қызметкерлер үшін еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті және олардың денсаулығы мен еңбекке жарамдылығына тигізген зардаптары үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауап береді.

12. ҚАТЫСУШЫЛАР ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІС

68. Серіктестіктің Қатысушысы өз қалауы бойынша Серіктестік мүлкіндегі өз үлесін немесе оның бір бөлігін басқа тұлғаларға сатуға немесе басқа жолмен беруге құқылы. Сол сияқты Серіктестіктің Қатысушысы үшінші тұлға алдындағы өз міндеттемесін қамтамасыз ету үшін үлесін (оның бір бөлігін) кепілге беруге құқылы.

69. Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Жарғының талаптарын орындай отырып, Серіктестікке жаңа қатысушыны қабылдау Серіктестіктің Қатысушысы мен жаңадан кірген қатысушы арасында құрылтайшы келісім-шарт жасасу арқылы ресімделеді.

70. Қатысушының Серіктестік мүлкіндегі үлесі жарғылық капиталдағы оның салымдарына барабар болады және салым толық төленгенге дейін, салым төленіп қойылған бөлігінде ғана иеліктен алынуы немесе кепілге берілуі мүмкін. Кез келген негіз бойынша Қатысушының үлеске деген құқығынан айрылуы, оның Серіктестіктен шығуына әкеп соғады.

71. Қатысушы қайтыс болған жағдайда, оның үлесі мұрагерлеріне беріледі. Үлестің мұрагерлерге берілуі және оның бірнеше мұрагерлер арасында бөлінуі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

13. СЕРІКТЕСТІКТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ (ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ) ТАЛАПТАРЫ

72. Қатысушының шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша Серіктестіктің қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы мүмкін.

Серіктестік қызметінің тоқтатылуына мынадай жайттар негіз бола алады:

1) егер жарғылық капиталдың азаюы нәтижесінде оның көлемі ең аз көлемнен де кеміп қалса;

2) Қатысушы Серіктестіктің жарғылық капиталын тиісті мерзімде құрай алмаса.

73. Серіктестікті қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қатысушының шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіптермен жүргізіледі. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге ұйымдастыру-құқықтық нысандар болып қайта құрылуға құқылы. Оған қайта құрылатын серіктестіктің барлық құқықтары мен міндеттері беріледі.

74. Серіктестік мынадай жағдайда таратылады:

1) Қатысушының шешімімен;

2) соттың шешімімен;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша.

75. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделіп қарастырылған жағдайларда Серіктестік Сот шешімімен таратылуы мүмкін.

76. Серіктестікті таратуды Қатысушы немесе сот тағайындаған тарату комиссиясы жүргізеді. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап, оған Серіктестіктің істерін басқару жөніндегі өкілеттік беріледі.

77. Серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату тәртібін Қазақстан Республикасының заңнамасы реттейді.

14. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

78. Егер осы Жарғының қандай да бір ережелерінің бірі заңнамадағы өзгерістердің салдарынан немесе өзге себептерден күшін жоятын болса, онда бұл қалған ережелердің әрекеттерін тоқтатуға арналған себеп бола алмайды. Жарамсыз ереже құқықтық қатынастарда рұқсат етілетін және мәні жағынан ауыстырылған ережеге жақын ережемен ауыстырылуы тиіс.

79. Жарғы, сонымен қатар Жарғыны орындаумен байланысты туындайтын барлық құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес реттеледі және түсіндірілуге жатады.

80. Шартпен регламенттелген тәртіпте жасалынған қосымшалар, толықтырулар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

81. Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес Серіктестік квазимемлекеттік сектор субъектісі болып табылады.

«Солтүстік Қазақстан ауыл
шаруашылығы ғылыми-зерттеу
институты»
ЖШС Басқарма төрағасы

_____ Иманкулов Б.Б.

УТВЕРЖДЕН

**решением Совета директоров
НАО «Национальный аграрный
научно-образовательный центр»
(Единственного участника)**

«30»

сентября

20 20 г.

№

08/20



УСТАВ

**Товарищества с ограниченной ответственностью
«Северо-Казахстанский научно-исследовательский институт сельского
хозяйства»**

город Нур-Султан

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Настоящий Устав (далее - Устав) товарищества с ограниченной ответственностью «Северо-Казахстанский научно-исследовательский институт сельского хозяйства» (далее - Товарищество) определяет правовой статус Товарищества как юридического лица.

2. Наименование Товарищества:

на государственном языке:

полное: «Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

сокращенное: «Солтүстік Қазақстан АШҒЗИ» ЖШС;

на русском языке:

полное: Товарищество с ограниченной ответственностью «Северо-Казахстанский научно-исследовательский институт сельского хозяйства»;

сокращенное: ТОО «Северо-Казахстанский НИИСХ».

3. Единственным участником (далее - Участник) Товарищества является:

Некоммерческое акционерное общество «Национальный аграрный научно-образовательный центр» (далее - Общество), юридический адрес: 010000 город Астана, Сарыаркинский район, ул. Кенесары, 36, БИН 150940000180, банковские реквизиты: KZ9396503F0007573241 АО «ForteBank», БИК IRTYKZKA».

4. Место нахождения исполнительного органа Товарищества: Республика Казахстан, 150700, Северо-Казахстанская область, Кызылжарский район, с.Бишкуль, ул.Институтская, дом 1.

5. Срок деятельности Товарищества неограничен.

6. Наименование средств массовой информации, используемых для публикации информации о деятельности товарищества: официальный интернет-ресурс Товарищества.

2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ТОВАРИЩЕСТВА

7. Товарищество приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

8. Товарищество имеет печать, самостоятельный баланс, расчетный и иные счета в банках, фирменные бланки со своим наименованием.

9. Товарищество для достижения целей своей деятельности имеет право от своего имени заключать сделки, в том числе заключать кредитные договоры, договоры финансового лизинга и иные договоры с участием банков, приобретать имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

10. При перемене Товариществом места своего нахождения, Товарищество обязано известить об этом орган, осуществивший его государственную регистрацию, и орган, осуществляющий государственную

регистрацию юридических лиц по новому месту нахождения Товарищества, для внесения необходимых изменений в государственный регистр юридических лиц в порядке и сроки установленные законодательством Республики Казахстан.

